

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

Тіркесті күрделі сөздер жан-жақты талданып, оның өзіндік белгілері, құрамы, сыңарлары, олардың сөз табына қатысы, сыңарлардың тек толық мағыналы дербес сөзден жасалатыны, күрделі сөздердің лексикалық бірлікке жататыны, біртұтас мағына білдіретіні, біртұтас мағынаның жасалатыны, ондағы сыңарлар мағынасындағы өзгерістер анықталды. Әдебиет және лингвистикалық терминологиялық сөздік бойынша күрделі тіркесті сөздердің сыңарларының құрамы анықталды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989.
2. Орфографиялық сөздік. –Алматы: Арыс, 2005. -616б.
3. Орфографиялық сөздік. –Алматы: Арыс, 2007. -480б.
4. Әдебиет және лингвистика терминологиялық сөздік. –Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014, 14 мың сөз.

ӘОЖ 811.512.122:81'373.45

### **ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР**

**Балтабай Досжан Әмірұлы**

baltabayev.dosjan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті  
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.Б.Мамаева

Тілдің сөздік құрамының толығып кемелденуі бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы болып қоймайды. Сонымен қатар өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден ауысып алу арқылы да тіл өзінің сөздік құрамын байытып, жетілдіріп отырады. Кірме сөздер дегеніміз – тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) моңғол тілі, 4) орыс тілі. Түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен сөз ауысу процесі қазақтың біртұтас халықтық тілі қалыптасуынан бұрын, орта ғасырлардың алғашқы кезінен басталады. Араб, парсы сөздері қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын жасайды. Олар тұлғасы жағынан да, семантикалық топтары жағынан да, қазақ тіліндегі игерілуі жағынан да әр түрлі дәрежеде [1,135].

Қазіргі қазақ тіліндегі араб және парсы төркіндес сөздер екі топқа бөліп қарастырылады. Бірі – қазақ тіліне ерте кезден-ақ әбден сіңісіп, қалыптасып кеткен, әрі мейлінше жиі қолданылатын сөздер. Бұл топтағы сөздер өзінің фонетикалық тұлғасын мүлдем өзгертіп жіберген болып келеді. Бұлардың шет тілдерден ауысып келгендігі негізінен ұмытылып та кеткен деуге болады. Бұған: адам, ажал, әлем, дәулет, құдірет, уақыт, халық секілді сөздерді мысал етіп келтірсек те жеткілікті. Араб - парсы тілдерінің екінші тобы – халық тіліне терең сіңісіп кетпеген, көбінесе дерлік кітаби лексикада қолданылатын, діни түсініктер мен абстракт ұғымдарды білдіретін сөздер. Парсы тілінің лексикалық элементтерінің басқа түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне ауысу процесін зерттегенде мықтап ескертетін жайт бар. Парсы-тәжік тілдері едәуір мөлшерде араб сөздерін өз бойына сіңіріп, біржола иемденіп алған, араб төркіндес элементтерді өздерінің төл сөздеріне айналдырып жіберген. Мұндай араб сөздері түркі тілдеріне парсы тілі арқылы ауысқан [2,43]. Л.З.Рүстемов «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» деген еңбегінде парсы сөздерінің түркі халықтары тілдеріне кіруін араб сөздерінен бұрын болған деп санайды: «...түп-төркіні иран тілдес болып келетін сөздердің түркі халықтарының тіліне ауысуы, парсы және түркі тілдерінің өзара инфильтрация жасау процесі ертеректе, арабтар

мұнда келмей тұрған кезде, араб мәдениетінің гүлденуінен әлдеқайда бұрын басталған» [2, 45].

Жаңа сөз тудыру қабілеттері аз болғанымен де, біралуан туынды сөздердің құрамында кездесетін жұрнақтар: **-кеш,-паз,-қор,-хана,-стан**. Қазақ тіліне иран (парсы, тәжік, албан, т.б.) тілдерінен ауысқан бұл жұрнақтар қазақ тілінің үндестік заңына бағынбай, өздерінің әуелгі қалыптарын сақтап отырады [3,97].

Тілімізге енген кірме сөздердің бірі - *жомарт* сөзі. Бұл сөз – парсы тіліндегі екі түбірден, яғни *жауанмард* (*жомарт*) сөздерінен біріккен сөз. *Жауанмәрттілік* ұғымын қамтитын белгілер қазақ әдебиеті тарихында сирек те болса ұшырасып отырады. Мысалы, Абай *жауанмәрттілік* сөзін 38 - қарасөзінде бір-ақ рет қолданған. *Жауанмәрттілік* сөзі мен ол жайлы танымдарды Абай өзі ұстанған ағартушылық-гуманистік ойларын тарату үстінде жанама дерек ретінде қолданғанын байқаймыз.

Соңғы жылдардағы этимологиялық зерттеулерде *жауанмәрттілік* сөзінің төркіні көне түркі тіліндегі «зомарт» сөзінен алынғаны ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр. Қазіргі сөйлеу тілімізде күнделікті қолданылып жүрген, бірақ қазақ тілінің ішкі дыбыстық заңдылығына бейімделіп «жомарт» түріне ауысқан сөз төркіні де көне түркі тіліндегі «зомарт» сөзінің аясындағы кәнігі ұғымына саяды [4,101]. Қазақ тіл білімінде «жомарт» сөзінің «жоғары мәрттілік» сөзінен шыққан деген де пікірлер кездеседі.

Жыраулар поэзиясында кездесетін *жампоз* сөзінің лексикалық мағынасының да өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *жампоз* сөзінің екі түрлі мағынасы берілген: 1) түйенің асыл тұқымы; 2) алғыр, жайдары мінезді, көпшіл адам. *Жампоздық істеу, жампоз жігіт* сияқты тіркестер тілімізде жиі кездеседі. *Жампоз* сөзін Шалкиіз, Махамбеттер өз өлеңдерінде қолданады. Мысалы, Шалкиіз жырау:

Айырдан туған **жампоз** бар

Нарға жүгін салғысыз.

Арғымақтан туған будан бар

Күнінде көрінім жерді алғысыз, - деп қолданса, ал Махамбет Исатайдың портретін көрсететін өлеңдерінің бірінде:

Арғымақтан туған қазанат

Шабуы болса – нанғысыз.

Қазанаттан туған қазмойын

Күніне көз көрім жер шалғысыз.

Айырдан туған **жампоз** бар

Нарға жүгін салғысыз, - дейді.

Тілімізге араб-парсы тілдерінен енген *шандоз, шабандоз, жомарт, кербоз* сияқты сөздер көркем шығармаларда жиі көрініс табады. Осы сөздердің этимологиялық тұрғыдан лексикалық мағыналарында өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, Махамбет, Шернияз, Алмажан, Байтоқ, Жанұзақ т.б ақындарда кездесетін *шандоз, зәуде* (кездейсоқ), *жігі-жапар* болу (ынтасымен кірісу), *сыңайы* (реті, шамасы), *жандасу* (өліспей берілмеу), *қасқару, жұрт сұрау* (ел билеу) сөздері қазірде қазақ тілінің батыс говорларына тән диалектизмдер қатарында қаралады [5,210]. *Шандоз* сөзі Махамбет өлеңдерінде де ұшырасады. Махамбеттің Исатайдың портретін беретін «Тарланым» атты өлеңінде оны: Кермиығым, кербезім, *Керіскендей шандозым* деп суреттейді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында: Қозыке *керіскедей* болып жатты деген жол бар. Бұл сөздің не өзі, не түсіндірмесі «Қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігінде» де, «Қазақ Совет Энциклопедиясында» да берілмеген. Бұл күнде қазақ оқырмандарына дәл мағынасы белгісіз. Қазақ поэзиясында (жалпы қазақ тілінде) бұл – түбір тұлғасындағы мағынасы күңгірттенген *даладай, алпамсадай, соқталдай* сияқты сөздердің қатарындағы тұлға. Ол «әдемі, сұлу, ірі» дегендей идеяны береді. Махамбет қолданысында *шандоз* сөзімен қатар келіп, келістіліктің, сымбаттылықтың образын айқын көрсетіп тұр, өйткені *шандоз* сөзінің өзі «әдемі, әсем, сұлу» деген мағынадағы диалектизм, Қазақстанның батыс аймақтарында қолданылатын жергілікті сөз.

Осы сөзді ақын *шандоздап* деген етістік тұлғасында да қолданады: Қарағай шаптым *шандоздап*, Хан қарасын жоям деп, өлеңіне арқау етеді [6,15].

*Кербездік* туынды зат есіміне негіз болып тұрған *кербез* сөзі мен ер кісі есімі ретінде қолданылатын *Карбоз* лексемасы парсы тілінде бір-ақ сөз (кербоз), яғни бұл екеуіндегі **-без,-боз** тұлғалары **-паз** жұрнағының варианттары. Парсы тіліндегі *кербоз* сөзі қазақ тілінде екі тұлғада қалыптасқан: *кербез,кәрбоз*. Алғашқысы — сингорманизм заңының нәтижесі[7,157]. Сол сияқты **-паз** жұрнағымен *дарабоз* сөзіндегі **-боз** жұрнағы сәйкес келіп, соның бір варианты болуы да мүмкін деп пайымдаймыз.

Тілімізде қолданылып жүрген *шабандоз* сөзін парсы тілінен енген сөздердің қатарынан кездестіреміз. Негізгі *шабан* сөзі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» екі мағынада беріледі.1)қырсау,сылбыр; 2) баяу қимылдайтын, істі ұзақ істеуші. Қазақта *аты шабан жүреді, жұмысты шабан істейді* деген тіркестер бар. Жалпы алып қарағанда, *шабан* сөзі енжарлықты білдірсе,-*доз* жұрнағы қосылу арқылы жасалған *шабандоз* сөзі ат құлағында ойнайтын епті адам дегенді білдіреді. Бұл сөзде **-доз** жұрнағы *шабан* сөзіне қарама-қарсы антонимдік мағынаны білдіреді дегеннен гөрі, біздің болжауымызша, түбірі *шабу (шан)* сөзінен шыққан дегеніміз дұрыс секілді. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (15-том) *шабандоз* сөзіне былайша анықтама берілген: **ШАБАНДОЗ** з а т. 1. *Бәйге атына мініп шабатын, өнерлі(жігіт, бала).* – Уай, мынау нағыз *шабандоз* ғой! Жарайсың, міне, жігіт! – деді шопандар (М.Әлімжанов, Махамбет.). 2. *Көкпар шабудың шебері (көкпарда жеңіп шығушыларға халық қойған атақ).* Елден Биқа бата алды. *Шабандоз* қыз атанды. Сондағы көрген кемпір-шал, Аңыз ғып әлі айтады (К.Әзірбаев, Танд.өлеңд.)[8,182].

*Шабан ат, шабандоз, шабан жүріс* деген тіркестердің барлығының да түбірі *шан* сөзімен сәйкес келеді. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»(15-том) *шан* сөзі былайша түсіндірілген: **ШАП** =е т. 1. *Атпен құйғыта жорту, ызғыту.* Жақсыға сырым жасырман, Жаманға, сірә, бас ұрман. Мен бір *шанқа*н жүйрік ат, Бір желіксем басылман ( Шал ақын, өлеңд.). 2. *Бәйгеге түсіп, сыналу.* Той боп жатыр қазір Жоңғар үстінде, Кенежирен *шанпа*й ма оның бәйгесін? (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә)[8, 252]. Сонымен *шабандоз* сөзінің түбірі *шабу(шан)* етістігі болуы мүмкін.

Қорыта келе, талдауға түскен қазіргі қазақ тілінде кездесетін *шандоз,шабандоз, жампоз, дарабоз, кербез, кәрбоз, жомарт* сөздері өздерінің мағыналық ерекшеліктерімен ерекше орын алады.

Ғалымдардың пікірінше, қазақ тілінің лексикалық қорының 30 пайыздан астамын араб-парсы сөздері құрайды. Қазақ тіліне араб-парсы сөздері тікелей қарым-қатынас арқылы емес, басқа тілдер арқылы сатылап кірген деп саналады. Араб-парсы тілінен қазақ тіліне ауысқан сөздердің ерекшелігіне олардың қазақ тілінің айтылу заңдылығы бойынша қалыптасқандығы жатады. Араб-парсы сөздерінің қазақ тіліне лексикалық тұрғыдан сіңісіп қалыптасуы сөздік қорымызд байыта түсуде.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, «Сөздік-Словарь» 2006. — 264 бет.
2. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. –Алматы: Ғылым,1982. –160 бет.
3. Атабай Б. Түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі: Монография. Алматы:ИП «Сагаутдинова», 2015. – 153 б.
4. Мырзхметұлы М. Абайтану: 2-кітап. — Астана: «Interactiv Kazakhstan»,2014. — 524 бет.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (15-19 ғасырлар): Көп томдық шығармалар жинағы. –Алматы: «Ел- шежіре»,2014.
6. Сыздықова Р, Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. –Алматы: Мектеп,-1989.—128 бет.

7. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. — Алматы: Ғылым, 1989 жыл, —157 бет.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том\ Құраст.: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақов, Б.Әбілқасымов және т.б. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ: ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ТАНЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Бәшіров Нұрбол Қасқырбайұлы**

[Nur0329@mail.ru](mailto:Nur0329@mail.ru)

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті,  
Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доценті Байтанасова Қарлығаш Медетқызы

Алаш ойшылдарының, солардың ішінде әсіресе, Еуропадағы, еркін ойдың орталығында жүріп өз көзқарастарын барынша дамыта, ресми түрде білдіре алған М. Шоқайдың өз елінің болашағы үшін жүргізген күресі, көзқарастары, дүниетанымы қазіргі саяси егемендік алған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан сияқты мем-лекеттер ғана емес, бүкіл түрік дүниесі үшін, тіпті егемендігі үшін күресіп жатқан, оны жаңадан орнатып жатқан барлық халықтар үшін рухани мұра, саяси сабақ бола алады. Ұсынылып отырған жұмыста М. Шоқай шығармашылығының дүниетанымдық мағынасына баса көңіл аударылды.

Азамат соғысы кезеңіндегі өзара кескілескен монархиялық, анархиялық, большевиктік т. б. күштердің ешқайсысы да Ресей-ге кіріптар ұлттардың мүддесін көздеген жоқ еді. Ал жаңа ғана өз ұлтының алғашқы билік нышандарын түзеп жатқан Алаш көсемдері мен Түркістан автономия басшыларының қолында сондай әлеуетті күштерге қарсы тұра алатындай қауқары жоқ кадрлар тапшы болатын. Құрылғаннан кейінгі екі айдай ғана уақыт ішінде жеткілікті қарулы күштерді құра алмады. Басқа істердің бәріне де енді кірісу керек еді. Қазақстанда да, әсіресе Түркістанда да қалың бұқараның саяси белсенділігі өте төмен болатын. Осы айтылған жағдайлардың барлығы бұл жаңа құрылған автономиялардың баянды болуына мүмкіндік бермеді. Тіпті Ресейдің өзінде де демократиялық жүйенің баянды бола алмағаны, онда басқа бір тоталитарлық бағыттың үстемдік алуы осыны көрсетеді[1].

Мәдени автономия — басқа үлкен халыққа кіріптар болып отырған халықтың дербестікке қарай аяқ басудағы ең алғашқы қадамы ғана. Өзіндік рухани бет-пішінін сақтап қалу үшін өз тілінде мектептер, әртүрлі мәдени ошақтар, өз тілінде басы-лымдар деген сияқты істерге құқығының болуы. Бірақ, сондай құқыққа ие болу үшін әртүрлі саяси іс-әрекеттерге де барған, яғни, мәдени істердің де саясаты болады. Мәдени автономия — одан кейінгі территориялық саяси автономияға, әсіресе дербес ұлттық мемлекетке халықты рухани-мәдени жағынан есеюді қамтамасыз ететін кезең. Ол мемлекеттік-саяси тәуелсіздік жоқ кезде де жүре бере алатын процесс. Бірақ, әрине, мемлекеттік-саяси дербестік оған толық жол аша ала-ды. Мәдени автономия — басқа елге кіріптар болып отырған халықтың өзінің бітім-болмысына сай өз мәдениетін дамыта-тын біршама өрісі ғана. Өз тілінде мектептері болып, мәдени ошақтары, ұйымдары, баспагерлік қызмет т.т. өз тілінде жүргізуге құқының болуы. Бұл, әрине, халықтың өзіне үстем болып отырған халықтан дербес болу жолының ең алғашқы қадамы[2].

М. Шоқайдың ойынша халық, әсіресе ұлт болу үшін олардың бірыңғай ортақ санасы болуы тиіс. Ол сананың ұйтқысы ретіндегі негізгі мақсаты қалыптасуы керек. Оның түсіндіруінде жат жұрттың үстемдігінде отырған халық та ұлт деп есептеліне алмайды, себебі, онда өзінің әлеуметтік-саяси келбетін өзі анықтайтын ырық жоқ, осы мағынада ол толық деңгейдегі субъект емес, басқа елдермен, мемлекеттермен өз ырықын көрсететін қатынас жасай алмайды. Халықаралық қатынастарда ол жеке тұлға емес. Халық осындай дербес жеке тұлғаға айналу үшін онда өзіндік бір рух болуы тиіс. Ол рух оның бүкіл тарихында түзеледі. М. Шоқайдың айтылған ой-лары оның халық және ұлт туралы